

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Театр-тәрбие көзі

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.01.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/130026/

Театр — ол шығармашылық адамдардың ортасы. Грек тілінен аударғанда « ойын сауық орны» деген мағына беретін бұл мекеннің өз құндылығы бар. Тек дайын драматургияны қойып беру емес , ондағы оқиғалардың неге олай болғаны жайында ойлану. Өйткені театр көрермендерге әрдайым дұрыс жол көрсетіп отырады. Адам баласын жақсы жағына өзгеріп, өзін түсініп, рухани дамуға септігін тигізері сөзсіз.

Жүсіпбек Аймауытов айта кеткендей «... театр деген нәрсе ермек емес, көңіл көтеру де емес, ол - үлгі, ол - тәрбие, өнер орны». Шың мәнінде онда ізгілік пен махаббат, зұлымдық пен қасірет секілді қасиеттердің ара жігін көрсетеді.

Еліміздің театр тарихына көз жүгірте кетсек, өмірлерін өнермен байланыстырып, сөз жетпейтін ерекше сезім қалдыра білген Тұнғышбай Жаманқұлов, Асанәлі Әшімов, Гулжамал Қазақбаева сынды тағы да басқа өнер адамдарының есімі тарихта мәңгіге қалады. Елімізде аты әлемге танылған Мұхтар Ауезов, Ғабит Мүсірепов, Абай Құнанбаев, Жүсіпбек Аймауытов секілді ұлағатты өкілдеріміздің атынан ашылған театрларда бар. Сонымен қатар балаларға арналған театрлар және балалардың ой өрісін кеңейту үшін қойылатын « Алтын сақа», «Нұрлы тас», «Әлия Молдағұлова», «Жастық», «Есірткен ерке», «Біздің Ғани» сияқты пьесалар бар.

Театр өлмейді де, оны ешкім өлтірмейді. Мұхтар Әуезовтің сөзімен ойымызды қорытындылайтын болсақ, «Театр — сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі».

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.